

Современная структура диспетчерского управления поездной работой имеет три иерархических уровня: центр управления перевозками (ЦУП) АО «НК «КТЖ»» => Региональный центр управления перевозками (РЦУП) => станции. Структура диспетчерского управления грузовой и местной работой – четыре иерархических уровня: ЦУП АО «НК «КТЖ»» => РЦУП дорог => ЦУМР на отделениях => станции. Такие структурные схемы характеризуют переход от территориального принципа к управлению по направлениям, в пределах которых зарождаются и погашаются вагоно- и поездопотоки, обращаются локомотивы и локомотивные бригады.[2]

Повсеместное введение этой технологии позволяет решить задачу создания системы надежного и эффективного взаимодействия оперативных работников с управляющим вычислительным комплексом через необходимые технические средства запроса, отображения и передачи данных (информационное и организационное обеспечение), снабженные программным и математическим обеспечением, позволяющим автоматизировать функции управления, учета и контроля процесса управления поездной и грузовой работой, являющиеся основой для создания АРМ оперативных работников комплекса по управлению перевозочным процессом на железнодорожном транспорте, которые значительно снижают загрузку их решением оперативных задач.

Опытные расчеты, проведенные работниками кафедры «ОДТ» совместно с работниками АО НК КТЖ показали, что полная реализация разработанных мер до 70% снижает загрузку оперативных работников комплекса.

-
- 1 Исингарин Н.К. «Транзит это выгодно» Актуальные проблемы железнодорожного транспорта. Вып. 1. Алматы, 2005
 - 2 Кобдилов М.А., Изтелеуова М.С., Бейсембаев Н.И. «Пути совершенствования перевозочным процессом на железнодорожном транспорте Республики Казахстан». Алматы, 2005 ж.

* * *

Мақалада ҚР теміржол көлігінде тасымалдау үрдісін басқару технологиясын жетілдіру бағыттары келтірілген. Бәсекелестікті жоғарлатумен қатар еңбек өнімділігі де қарастырылған.

In article the basic directions of perfection of technology of transportation process on a railway transportation in Republic of Kazakhstan are resulted. Are considered both questions of increase of competitiveness, and labor productivity.

УДК 636.064.6/636.033

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

MAIN DIRECTIONS OF TECHNICAL REGULATION SYSTEM ACTIVITIES IN KAZAKHSTAN

Смағұлов А.К., Бунебаева Л.Қ., Искакова Ж.А.
Smagulov A.K., Bunebaeva L.K., Iskakova Zh.A.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі елдің бүкіл сыртқы сауда саясатын ұйым келісімінің талаптарына сәйкес келтіруді көздейді. Осы процестегі маңызды және елеулі шаралардың бірі техникалық реттеу жүйесінің нормативті құжаттарын халықаралық талаптармен үйлестіру болып табылады. Саудадағы техникалық кедергілер туралы ДСҰ келісімі бір жағынан, сауданы дамыту мүддесінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге және керексіз кедергілерді жоюға, екінші жағынан, адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығын қорғауға, қоршаған ортаны сақтауға бағытталған талаптарды белгілейді. Мұндай тепе-теңдікті қамтамасыз етуге қабылданған

шаралардың ғылыми негізділік принциптерін сақтау, тәуекелдерді бағалау, нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды қабылдау процесінің мөлдірлігі жолымен қол жеткізіледі. Осы мақсатта техникалық реттеу жұмысының негізгі бағыттары анықталды:

- өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- еңбек қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- төтенше жағдайлардың алдын алу және шектеу;
- өндірістің экономикалық тиімділігін көтеру.

Мұндай принциптерді сақтау үшін Кеңестік уақыттан кейін мұраға қалған стандарттау мен сертификаттау жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Міндетті қауіпсіздік талаптарын стандарттардың ерікті талаптарынан бөлу революциялық өзгеріс болды. Адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған барлық міндетті талаптар нормативтік құқықтық актілермен ғана қабылдануы мүмкін, ал стандарттардың барлығы еріктілер санатына көшірілген.

Қазіргі кездегі үлкен міндет – өнім, қызмет және үрдіс қауіпсіздігіне қойылатын ең төменгі талаптарды белгілейтін техникалық регламенттерді халықаралық талаптармен үйлестіре отырып қабылдау.

Электрмагниттік сыйымдылыққа, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне, ойыншықтардың қауіпсіздігіне, тағам өнімдерінің қауіпсіздігіне, оның ішінде балық және балық өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, сүт және сүт өнімдері, ет және ет өнімдері, ара шаруашылығы өнімдері мен бал қауіпсіздігіне, сондай-ақ химиялық өнімдердің қауіпсіздігіне қатысты техникалық регламенттер бекітілді. Аталған өзгерістер неғұрлым толық техникалық регламенттер әзірлеу үшін құқықтық негіз жасайды. ДСҰ мүше елдер өздерінің техникалық регламенттерін әзірлеген кезде ондай халықаралық стандарттарды географиялық айырмашылығына немесе іргелі технологиялық проблемаларға орай Қазақстанда пайдалануға болмайтын жағдайларды қоспағанда, қазіргі халықаралық стандарттарды пайдалануды талап етеді.

Осылайша, Қазақстандық жаңа заңнама әзірлеген кезде халықаралық тәжірибе, атап айтқанда, әлемнің көптеген елдерінде кеңінен пайдаланылатын, Еуропалық Одақтың Жаңа және Жаһандық көзқарасы деп аталатын халықаралық тәжірибесі пайдаланылады.

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қолдауымен жаңа реформаның талабы бойынша барлық мемлекеттік құрылымдар кеңінен қатысуы тиіс, себебі әртүрлі салалардағы қауіпсіздік талаптарын әзірлеу салалық министрліктер мен мекемелердің жауапкершілігінде тұр. Жеке сектордың қатысуы да мөлдірліктің жаңа принципінің маңызды элементі болып табылады. Әзірленіп жатқан заңдар мен техникалық регламенттер жобаларының барлық мәтіндері Техникалық реттеу жөніндегі комитеттің вэб-сайтында жарияланады.

Техникалық регламенттерді әзірлеу кезіндегі негізгі принциптер мыналар:

❖ Қатаң мақсатты белгілеу – адамдардың өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді және қоршаған ортаны қорғауға және алдамшы практиканы болдырмауға бағыттылық. Техникалық регламенттерді өзге мақсаттарға қолдануға жол берілмеуге тиіс.

❖ Ұсынылатын шаралардың ғылыми негізділігі және тәуекелдерді бағалау – яғни залал келтірудің ықтималдығын және оның ауыртпалығының ара қатынасын мұқият таразылау. Мүмкіндігінше саудаға ықпалы мейлінше шектеулі шаралар қолдау қажет.

❖ Техникалық регламенттер жобаларын әзірлеу процесінің мөлдірлігі – жобаға түсініктеме жасау үшін кемінде 60 күн бере отырып, заңдар мен ережелердің жобалары туралы ерте кезеңде хабарлау және ұсынылған ескертпелерді есепке алу.

❖ Кемсітпеу және ұлттық режим – өнімге қойылатын талап ол шығарылатын елдерге қарамастан бірдей болуға тиіс.

❖ Үйлестіру – техникалық регламенттер жалпы жұрт таныған халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс.

Үйлестіру мақсатында Қазақстан Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның (ИСО) халықаралық стандарттарды әзірлеу жұмысына белсене қатысуда. Техникалық реттеу – деген өнімге қойылатын міндетті және ерікті талаптарды анықтау, бекіту, қолдану және орындау. Өнімнің міндетті талаптарына оның қауіпсіздік талаптары, ал ерікті талаптарға – оның тұтынушылық

сапасының деңгейін анықтайтын талаптар кіреді. Осы екі түрлі талаптардың орындалуы - өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттырады. Бұл межеге жаңа инновациялар мен халықаралық стандарттардың талаптарын қабылдамайынша, қол жеткізу мүмкін емес.

Сонымен, стандарттарды жаңа техникалық регламенттермен үйлестіру жөніндегі жұмыста негізгі міндетті бағыттары:

- Ескірген стандарттарды жою.
- Қазіргі стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру.
- Стандарттарды әзірлеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу.

Қауіпсіздік талаптарын орнықтырып, қажетті стандарттарды қабылдағаннан кейін өнімнің осы талаптарға сәйкес келуін де қамтамасыз ету қажет. Оны сәйкестікті растау органдары: сынақ орталықтары, зертханалар және басқалары жүзеге асырады. Өз кезегінде, тексеруді жүзеге асыратын сәйкестікті растау органдары құзыретті болуға тиіс. Олардың құзыреті аккредиттеу жүйесі арқылы расталады. Отандық экспортқа жәрдемдесу үшін біздегі сәйкестікті растау органдары берген сәйкестік сертификаттарын басқа елдердің тануы маңызды. Бұл Қазақстанда және одан кейін шетелде қайтадан сертификаттауды болдырмауға және экспорттаушылардың қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы мақсаттар үшін аккредиттеу саласындағы халықаралық ұйымдарға: ILAC (Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық ынтымақтастық) және IAF (Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форум) қосылу міндеті қойылып отыр.

Бұл міндет, сондай-ақ ИСО-ның 17011 стандартының талаптарына сәйкес келтіру үшін Қазақстандағы аккредиттеудің қазіргі жүйесін реформалауды талап етеді. Бұл реформалар, бірінші кезекте, тәуелсіздікті, әділдікті қамтамасыз етуге және мүдделердің жанжалдасуын болдырмауға бағытталған. Осы принциптердің сақталуын қамтамасыз ету үшін алда аккредиттеудің ұлттық органдарын қайта өзгерту күтіп тұр. Аккредиттеу органы сәйкестікті растау органдарымен байланысты болмауға тиіс. Аккредиттеу туралы немесе одан бас тарту туралы шешімді онда барлық мүдделі тараптар көрсетілетін аккредиттеу жөніндегі кеңес қабылдайды. Зертханалар, өз кезегінде, ИСО-ның 17025 стандартының талаптарына сәйкес сертификатталуға тиіс. ILAC шеңберінде өзара тану туралы келісімге мүше болу үшін Қазақстанда ИСО-ның 17025 стандартының талаптарына сәйкес халықаралық сертификаттаудан өткен ондаған зертханалары болуы қажет.

Нарықты қадағалау. Белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін нарықты бақылау мен қадағалау жүйесі қажет. Қазақстанда нарықты қадағалау мәселелерінде бірыңғай көзқарас та, сондай-ақ нарықты қадағалау бойынша орган жоқ. Бақылау және қадағалау функцияларын әртүрлі мекемелер, көбіне бірін-бірі қайталаумен жүзеге асырады. Қазақстанның нарығындағы қауіпті өнімді анықтау және бұл өнімді нарықтан алып тастау үшін шаралар қолдану жөнінде тиімді жүйе құрылуға тиіс. Бұл арада бас пайдасын ойлауды және инспекциялық органдар тарапынан кәсіпкерлерге артық кедергілер жасауды болдырмау үшін мұқият көзқарас талап етіледі.

Қорытынды. Қазақстанның халықаралық сауда жүйесіне ықпалдасу ниетімен келесі әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс:

- Ерікті стандарттарды міндетті техникалық регламенттерінен (өмір мен денсаулық сақтауға қатысы бар) бөлу;
- Ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттар дәрежесімен барынша үйлестіру;
- Ескірген стандарттарды жою;
- Сәйкестікті растау жүйесін ырықтандыру және сәйкестікті ерікті растаудың схемаларын ендіру;
- Аккредиттеудің тәуелсіз және әділ жүйесін құру;

Қазақстанның техникалық реттеу жүйесі отандық өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі бойынша сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыздандыруға мүмкіндік береді. Мұндай жүйе жеке секторға үлкен еркіндік беріп, сонымен бірге қауіпсіздік талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілікті күшейте отырып, ашықтық пен әріптестік негізінде құрылады.

1. 24.11.2004 ж. ҚР «Техникалық реттеу туралы» Заңы

2. Отандық стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру -бәсекелестікті арттырудың алғышарты. Жүсін Б., Захан С. / Егемен Қазақстан 3 шілде 2009

* * *

В статье рассматриваются вопросы принятой модели республиканской системы технического

регулирования (двухступенчатой), ее цели и принципы, учитываемые при разработки государственных стандартов направленные на устранение технических барьеров в торговле и гармонизации стандартов с международными требованиями.

At the planning of working out of state standards the accepted model in republic (two-level) systems of technical regulation, with its purpose and principles is considered, including: removal of technical barriers in trade and harmonization with the international norms and standards.

УДК 656.2

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ МАГИСТРАЛЬНОЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ КАЗАХСТАНА

PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF THE MAIN RAILWAY SYSTEM OF KAZAKHSTAN

Абдильдин Н.К. - к.т.н., и.о.и. доцент

Темергалиева П.М. - к.т.н.

Казахский национальный аграрный университет

Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева

Эксплуатационная длина железных дорог Казахстана составляет более 14,2 тысяч километров, в том числе двухпутных линий - более 4,8 тысяч километров (34%), электрифицированных линий - 4,1 тысяч километров (29%). Развернутая длина главных путей - 19,1 тысяч километров, а станционных - 6,3 тысяч километров.

На железнодорожной сети республики расположены 756 отдельных пунктов. 21 станция имеет автоматизированные системы управления, 38 - оборудованы сортировочными устройствами (горками, полугорками и наклонными вытяжками).

Парк локомотивов по состоянию на 30 июня 2009 года насчитывает 1 748 локомотивов, в том числе 578 электровозов, 1 141 тепловоз и 29 паровозов [1].

Собственниками парка локомотивов являются: Акционерное общество (далее - АО) «Локомотив» - 1 600 единиц, АО «Локомотивный сервисный центр» - 64 единицы, Товарищество с ограниченной ответственностью (далее - ТОО) «Локомотив - 2030» - 44 единицы, АО «Кедентранссервис» - 29 единиц, локомотиворемонтные предприятия - 11 единиц, которые для осуществления своей деятельности имеют производственные инфраструктуры и локомотивные бригады.

По состоянию на 30 июня 2009 года эксплуатируемый парк составляет 1220 единиц - 78% от инвентарного парка, в том числе:

Распределение парка локомотивов по видам движения выглядит следующим образом:

в грузовом движении - 552 единицы;

в пассажирском движении - 222 единицы;

в хозяйственном движении - 83 единицы;

на маневровых работах - 350 единиц;

на прочих видах работ - 13 единиц.

По собственникам эксплуатируемый парк представлен следующим образом:

1) АО «Локомотив» - 1 141 единица, из них 328 электровозов, 813 тепловозов;

2) АО «Локомотивный сервисный центр» - 37 единиц (тепловозы);

3) ТОО «Локомотив - 2030» - 34 единицы, из них 31 электровоз, 3 тепловоза;

4) локомотиворемонтные предприятия - 8 единиц (тепловозы).

Состояние локомотивного парка характеризуется высоким износом, достигающим 72%.

Более 37% парка локомотивов эксплуатируется с нормативным перепробегом, а 50% парка достигли завершения срока службы.